



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

наурыз мейрамын ерекше жақсы көруі. Себебі наурыз мейрамы, еліміздің береке-бірлігін көрсететін мейрам.

Ашық ақпарат заманында интернет пен әлеуметтік желілерде қазақтың тойының ұсқынсыз, жалаңашталған, ерсі көріністерін тарататындар қатары азаймай тұр. Бірі дастархандағы тамақты пакетке толтырып жатса, екінші асабаның мәдениетсіз, жиіркенішті ойындарындағы той қонақтарының жалаңаштанып, әдепсіз қылықтарға барып жатса, ал, жасы үлкен деген қария, әжелеріміз шошаң-шошаң етіп жастармен жарысып, көзге жағымсыз билерімен интернеттің жұлдызына айналуға.

Той жасайтын азаматтар мен тойға барған қонақтардың той мәдениетін сақтауына баса көңіл аударатын кез келді. Той, мейрам – қазақ халқының ұлттық дәстүрін, мәдениетін көрсететін ашық алаң. Той жасаудың өзі аса үлкен жауапкершілік кезең болғандықтан, ойланyp, той иелері ұқыптылықпен келіп, алдын ала бағдарламасын, сөйлейтін сөзін әзірлеп алғаны дұрыс. Той, мейрамдарды жүргізетін асаба, жүргізушілерге көп нәрсе байланысты. Себебі кез-келген тойда еңбектеген баладан, жасы ұлғайған қарияларымыз қарап отыратындығын ұмытпаған абзал.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дулатов М. Шығармалары. Алматы, 1991.
2. //kk.wikipedia.org/wiki/Наурыз\_мейрамы
3. <https://egemen.kz/article/165252-arystanbek-mukhamediuly-nauryz-enh-aueli-baldyrghandargha-arnaluy-kerek>
4. [http://www.akorda.kz/kz/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/elbasy-nauryz-meiramyna-arnalghan-merekelik-is-sharaga-katysty](http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/elbasy-nauryz-meiramyna-arnalghan-merekelik-is-sharaga-katysty)

УДК 297.1

### **ТАУРАТТАҒЫ МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР БЕЙНЕСІ**

**Камбаров Руслан Миятбекович**

[kamrus78@mail.ru](mailto:kamrus78@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дінтану мамандығының 2 курс магистранты, Астана,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Абуов Айдар Паркулович

Иудаизм діні Исламмен Мұхаммед пайғамбарға алғашқы уахи түскен шақтан бері қатар келеді. Ең көне тарих еңбектерінің бірі Ибн Хишамның «Сира Набауиде» Уарақа бин Науфал бин Асад бин Абдул-Ғұзза Мұхаммед пайғамбардың өз аузынан Хира үңгіріндегі тылсым оқиғаны естігенде: «Ол – Мұсаға түскен Намус. Сен – үмбеттің пайғамбарысың», - дейді. Мұнан кейін пайғамбарға өз жұрты қастандық жасап, туған жері Меккеден кетуге мәжбүрлейтіндігін айтады. Бұл кездесуден кейін Уарақа көп уақыт өтпей қайтыс болды. Намус – Жәбірейіл періште, уахи деген мағынаны білдіреді. Уарақа бин Науфал жаһилиет дәуірінде насара дінін қабылдаған, ибрани тілде Таурат пен Інжіл оқыған ғұлама. Яһуди мен насара кітаптары ілімінің білгірі ретінде, Мұса мен Мұхаммед пайғамбарлар арасында Иса Масихтың келгенін білмеуі мүмкін емес. Демек, «Ол – Мұсаға түскен Намус» деуінен Мұхаммед миссиясының Иса насихатынан қарағанда Мұса пайғамбармен ортақ дүниелер көп екені аңғарылады.

Ясрибте (қазіргі Мадина қаласы) байырғы Аус және Хазраж араб тайпаларымен үш бірдей үлкен Қайнуқағ, Надир және Құрайза иудей (яһуди) қауымы қатар мекен еткені тарихи шындық. Ал, осы иудей қауымдары араб жарты аралына қоныстануында саяси-әлеуметтік себептен қарағанда діни факторы басым. Мұхаммед Ғазалидің «Фикһу сира» еңбегінде Асым бин Амр бин Қатададан мынадай дерек келтіріледі: Мадиналық мұсылмандар Алланың мейірімімен біздің Исламды қабылдауымызға яһуди ғалымдарынан

естіген риуаяттар сеп болды. Біз пұтқа сиынатын Құдайға серік қосатын халық едік, олар болса кітап түсірілген және бізде жоқ білімге ие халық болды. Яһудилер мен біздің арақатынасымыз жаман болды. Араб пен яһуди арасында қақтығыс болғанда: Жіберілетін пайғамбар заманы жақындап келеді. Ол келген соң сендерді Ад және Ирам халқымен соғысқан сияқты күресеміз,-дейтін. Біз мұны өте көп еститінбіз. Сондықтан, Мұхаммед пайғамбар боп дінге үндегенде біз оны қабыл еттік. Яһудилердің айтқаны рас екеніне көзіміз жетті. Міне, сондықтан біз олардан бұрын иманға келдік. Алайда, олар мұны мойындамай кетті. Міне, сол уақытта біз және олар жайлы: «Оқу-жазу білмеген Пайғамбарға өздеріндегі Таурат пен Інжілде ол туралы жазылғанын табатын – Елшіге ереді. Елші оларды жақсылыққа шақырып, тыйым салынғаннан қайтарады. Оларға жақсы нәрселерді адал деп, жаман нәрселерді арам етеді. Оларды иықтарындағы жүктен және бұғауларынан арылтады. Оған сенген, құрмет көрсеткен, жәрдем берген және онымен бірге түсірілген Құранға ергендер, міне солар – жетістікке жетушілер,-деді»,-аят түсті.

Иудей діндарлары Мұхаммед пайғамбар сипатын өз кітаптарынан табатындығы жайлы Бақара сүресінде: «Ақиқатында, Біз кітап берген үмбеттер оны (Мұхаммедті) өз ұлдарын танығандай таниды...»,-деген аят бар. Құртуби тәпсір еңбегінде жоғарыдағы діни мәтін жайлы: Омар бин Хаттаб яһуди ғұламалар әулетінен шыққан Ислам дінін қабылдаған Абдулла бин Саләмнан: Мұхаммедті өз баланды танығандай танысың ба?,-деп сұрағанда, ол: Иә, тіпті одан да жақсырақ танымын. Өйткені, сенімді періште сенімді пайғамбарға (Мұсаға) оның сипатын жеткізген...»,-деген ақпар бар. Сонымен бірге, Абдулла бин Саләм: «Тауратта Мұхаммедтің сипаты және Мариямұлы Исаның сипаты жазылған. Иса Мұхаммедтің жанына жерленеді»,-деген.

Ал, Бұхаридің «Сахих» еңбегінде Мұхаммед пайғамбардың Таураттағы тұлғалық және елшілік бейнесін толығымен аша түсетін дерек бар. Табиғин Ато бин Ясар: «Абдулла бин Амрмен (р.а.) кездескенде: «Алла елшісінің Таураттағы бейнесі жайлы айтыңызшы»,-деп өтіндім. Ол: «Әрине, Алла атымен ант етейін, оның Құрандағы бағзы сипаты Тауратта да жазылған: «Уа, Пайғамбар! Ақиқатында, Біз сені Куә етіп және Қуантушы әрі Ескертуші қылып, әрі сауатсыздарға Қорған етіп жібердік. Сен Менің құлым және Елшімің. Сені – Мутауаккил деп атадым. Сен мінезі жаман және жүрегі қатты жан емессің. Базарда айқай көтеретін де адам емессің. Жамандыққа жамандықпен жауап бермей, керісінше кешіріп жібересің. Бұл қисық үмбетті түзеп: «Алладан басқа құдай жоқ»,-деп, соқыр көзі, керең құлағы және құлыпты жүрегі ашылмайынша Алла сенің жаныңды алмайды»,-деген,-деп айтты.

Ал, аталмыш хадис тізбегіндегі табиғин Ато бин Ясар – ғылымда ең сенімді мәртебесіне ие бірегей ғалым. Ибн Ясар мұсылмандар анасы Мәймүнә (р.а.) шаңырағында мәулә болған табиғин.

Ендеше, хадисті ішінара зерттейтін болсақ, Тауратта Мұхаммед пайғамбардың он шақты сипаты баяндалуда. Соның үшеуіне тоқтала кетейік:

1. Мутауаккил. Мутауаккил – тәуекел етуші. Жаратушыға деген кемел сенім, Құдайға арқа сүйеудегі жоғары дәрежесі, ерекше сабырлығы, азға қанағат, қолында барын бөліп беретін жомарт, барлық ісін Аллаға толығымен тапсырушы;

2.Жаман мінезді емессің. Дөрекі және жаман мінез иесі емессің. Мінезің жұмсақ, табиғатың жақсы жансың. Құран Кәрімде: «Сен оларға Алланың мейірімділігімен жұмсақтық таныттың. Егер дөрекі, қатал жүректі болғаныңда, олар маңайыңнан тарап кетер еді»;

3.Кешірімді. Оның мінезі жамандыққа жамандықпен қайтаруға келіспейді. Адам баласының қате-кемшілігін елден бүгіп қалушы еді. Ал, жеке өзіне жасалған жамандықты ұмытып, кеңшілік танытатын;

Бұл риуаят Ато бин Ясардың Абдулла бин Амр арасындағы сұхбат түрінде келтіріледі. Риуаятты жеткізуші Абдулла бин Амр сахабалар қатарында ғалым оның ішінде хадисті терең білген тұлға. Хадистанушылар еңбегінде Ибн Амр риуаятымен жеті жүзге жуық хадис тіркелген. Абдулла бин Амрдың хадис ілімінде шоқтығы биік сахаба екенін Әбу Нурайра:

«Алла расулінің сөздерін менен артық жаттаған тек – Абдулла бин Амр. Ол хадисті көңіліне түйіп, жаттайтын, мен де жүрегіме тоқитынмын. Сонымен қатар, жазып алатын, ал мен жазбадым. Абдулла Алла елшісінен айтқан сөздерін жазуға рұқсат сұрап, келісімін алған еді», - деген. Демек, Абдулла бин Амр хадис ілімінің жазба үлгісінің қалыптасуына ең алғашқы боп үлес қосқан ғалым. Ғалым сахабаның Құран және сүннет іліміне қоса Таурат кітабын оқығандығы жайлы риуаят бар. Абдулла бин Амр бұл жайлы: «Мен түсімде бір қолымда бал, екіншісінде май бар екен. Қос қолымдағы бал мен майды жеп жатыр екенмін. Осыны Пайғамбарға айтқанымда: «Сен екі кітапты: Таурат пен Құранды оқиды екенсің», - деп жорып берді», - дейді.

Таураттың «Екінші Заңында»: «Алла Тағала Сина тауынан көрінді, сосын Саьир тауынан нұры шашылды, Фаран тауларынан шықты...», - деп жазылған. Бұл жазбадағы «Саьир» тауы Исаға иман еткен қауым мекен еткен аймақта орналасқан. Тіпті, осы тауда Иса Масих мекен етті. Ал, Сина – Тур тауы екені белгілі. Ал, Фаран – Мекке тауы. Демек, бұл пайғамбарлар шыққан жер атаулары. Қорыта айтқанда, Таурат пен Құрандағы тұлғаларды және шариғи заңдарды терең зерттеу көптеген қоғамдық проблемаларды шешудің кілті.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбу Мұхаммед Абдумалик бин Ышам, Сира Набауия. Бейрут: дар-Маърифат, 4-баспа, 2004ж, 229-б.
2. Сафиу Рахман Мубаракфури, Рахик Махтум, Мансура: дар-Уафа, 2003ж, 76-б.
3. Мұхаммед Саид Рамазан Бути, Фикһу сират набауия, Каир: дар-Салам, 2008ж, 63-64 б.
4. Мұхаммед Ғазали, Фикһу сира, Искандария: дар-Дағуат, 1988ж, 79-б.
5. Мұхаммед Әли Сабуни, Мұхтасар тафсир Ибн Касир, Бейрут: дар-Жил, 2-т, 67-б.
6. Уаһбат Зухайли, Тафсир Уажиз, Дамаск: дар-Фикр, 24-б.
7. Мұхаммед Әли Сабуни, Сафуат Тафасир, Каир: дар-Хадис, 503-б.
8. Әбу Абдулла Мұхаммед бин Исмаил, Сахих Бұхари, Каир: Уфуқ Арабия, 2004ж, 889-б.
9. Мансұр Әли Насыф, Таж Жамийь усул ли ахадис расул, Стамбул: Ханафия, 230б, 406-б.

УДК 297.1

### ИСЛАМДАҒЫ МҰСА ПАЙҒАМБАР БЕЙНЕСІ

**Камбаров Руслан Миятбекович**

[kamrus78@mail.ru](mailto:kamrus78@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дінтану мамандығының 2 курс магистранты, Астана,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Абуов А.П.

Құран мазмұндық құрылымы жағынан үшке бөлінсе, соның бірін қисса құрайды. Ал, сол қиссалардың ішінде Мұса мен Һарун пайғамбар және олардың елі исраил қауымы мен перғауын арасындағы қисса ең көлемдісі. Ал, Мұса пайғамбардың жеке дара тұлғасы Құранның жүзден астам аятын құрайды. Құран жүз он төрт сүреден тұрса, яһуди және Таурат жайында бөлек және бірге сексен бес жерде айтылады. Ал, Мұса пайғамбардың есімі жүз отыз алты рет, Мұса мен перғауын жайлы болса 20 рет. [1]

Анығырақ айтқанда, Мұса пайғамбардың дүниеге келуінен бастап өмірінің барлық кезеңдері мен маңызды оқиғалары баяндалған. Бұған қоса, өмірдерегінде кездесетін тұлғалар аты-жөні мен жер су аттары да тарихи тұрғыдан зерттеп тануға мүмкіндік береді. Көлемділігіне байланысты «Құранның ғимараты» деп аталған 286 аяттан тұратын Бақара сүресінің 110 аяты яһудилерге қатысты. Қала берсе, бұл сүренің атауы Мұса пайғамбардың заманымен тығыз байланысты.

Ниса сүресінде: «Әрі олардан, саған бұрын хабарын берген елшілер де және хабарын бермеген елшілер де бар. Әлі Алла Мұсамен сөйлескен», - деп айтылғандай [2] жалпы,